

Алкоголь өнімін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет органдарында тексерілуі тиіс шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі 1999 жылғы 04 қыркүйек N 1095. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 5 қазанда тіркелді. Тіркеу N 926. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрлігі Салық комитеті төрағасының 2004 жылғы 2 тамыздағы бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетіне тиісті шаруашылық жүргізуші субъектілерді іріктеу механизмін реттеу мақсатында Бұйырымын:

1. Қоса берілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет органдарында тексерілуі тиіс шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтау ережесі бекітілсін.

2. Осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру мен оның айналымынан мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитет (М.Ә. Құдайбергенов) комитеттің аумақтық органдарына дейін жеткізсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігі Алкоголь өнімін өндіру мен оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау жөніндегі комитетіне (М.Ә.Құдайбергеновқа) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Министр

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік кіріс министрінің
1999 жылғы 04 қыркүйектегі
N 1095 бұйрығымен бекітілген

**Мемлекеттік кіріс министрлігінің
Алкоголь өнімін өндіру мен
оның айналымына мемлекеттік бақылау жасау**

жөніндегі комитет органдары тексеруге тиіс шаруашылық жүргізуші субъектілерді анықтау Ережесі

1. Жалпы ереже

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру мен оның айналымына бақылау жасау жөніндегі комитет (бұдан әрі - Комитет) органдары 21.12.98 жылғы N 97 Комитеттің бұйрығымен бекітілген, Комитеттің тексеру жүргізу тәртібі туралы Ережелермен реттелген тексеруге тиіс этил спирті және алкоголь өнімін өндіру мен айналымы саласында лицензияланған қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерді сұрыптау тәртібін реттейді.

2. Тексеруді тиіс шаруашылық жүргізуші субъектілерді сұрыптау қауіптің жиынтық көрсеткіші негізінде тоқсан сайын жүзеге асырылады.

Комитетте (бұдан әрі - шаруашылық жүргізуші субъектілер) лицензиаттар ретінде есепте тұрған барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер алдын ала мынадай 2 топқа бөлінеді:

- 1) этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруді жүзеге асырушылар;
- 2) этил спирті мен алкоголь өнімі айналымы саласында қызметін жүзеге асырушылар;

Тексерілуі тиіс шаруашылық жүргізуші субъектілерді іріктеу Журналындағы әрбір топ шеңберінде топтастырудан кейін әрбір шаруашылық жүргізуші топ бойынша қауіп дәрежесін бағалау жүзеге асырылады. Журнал нөмірленіп, тігіліп, Комитеттің аумақтық басқармасының мөрі басылуы тиіс. Журналда 1-қосымшада көрсетілген нысан бойынша кесте толтыру жолымен қауіптің жиынтық көрсеткіші көрсетіледі.

3. Комитеттің аймақтық басқармалары бойынша қауіптің дәрежесін бағалау нәтижелері бойынша аудандар (қалалар) мен шаруашылық жүргізуші топтар бөлігінде шаруашылық жүргізуші субъектілерді тексеру Жоспары жасалады. Жоспарды аумақтық басқарма басшысы бекітеді және кезекті тоқсан басталғанға дейінгі 20 күн бұрын Комитеттің орталық аппаратына ұсынылады.

Қауіптің жиынтық көрсеткішін анықтау нәтижелері бойынша тексерілуі тиіс шаруашылық жүргізуші субъектілерден басқа ол бойынша шағымдар, өтініштер және мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен азаматтардың арыздары келіп түскен шаруашылық жүргізуші субъектілер тексеру Жоспарына енгізілуі мүмкін.

Шаруашылық жүргізуші субъектілерді тексеру Жоспарына жылына бір реттен артық тексеру, сондай-ақ ірі салық төлеушілер мониторингі жүйесіндегі заңды тұлғаларды тексеру Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің жазбаша рұқсаты бар болса ғана жүргізіледі.

2. Қауіптің жиынтық көрсеткішін белгілеу

4. Қауіптің жиынтық көрсеткіші Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің Алкоголь өнімін өндіру мен оның айналымына бақылау жасау жөніндегі комитеттің 30.06.98 жылғы N 9 (бұдан әрі - декларация) бұйрығымен бекітілген, этил спирті мен алкоголь өнімін өндіруін және айналымын декларациялау Тәртібі реттелген декларациялар ұсынылған талдау негізінде, акциздік алымдар маркаларын пайдалану туралы есеп берулер, шаруашылық жүргізуші субъектілерді бағалау жолымен көлік құжаттары қозғалысының жүк құжаттары туралы мынадай өлшемдер бойынша а й қ ы н д а л а д ы :

1) декларациялардың қарастырылған нысандарын тапсыру жөнінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің тәртіптілігі бағаларын көрсететін декларацияларды ұ с ы н у ;

2) бюджетке төлемдер төлеудің уақтылығы мен толықтығы жөнінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің бағалануын көрсететін акциздерді төлеу;

3) алдыңғы кезеңмен салыстырғанда өнім өндіру (жұмыс, қызмет көрсету) көлемінің өзгерісін бағалауды көрсететін өндіріс (жұмыс, қызмет көрсету) көлемі ;

4) шаруашылық жүргізуші субъектінің бизнес пен экспорт-импорт саласына қатынас бағасын көрсететін қызметінің мазмұны;

5) декларациялар мәліметтерін компьютерлік өңдеу негізінде бағаны көрсететін өнім өндіру мен сату көлемінің сәйкестігіне этил спирті мен алкоголь өнімін өндіру мен сату мөлшерінің сәйкестігі;

6) алкоголь өнімінің шығысы және құю бойынша декларациялар мәліметтері бағасын көрсететін өнім шығысы және құю сәйкестігі;

7) шаруашылық жүргізуші субъектінің лицензиялары барлығының және сәйкестігінің бағасын көрсететін лицензиялар сәйкестігі;

8) декларацияланған өндіріс қуатынан асуы деңгейі бағасын көрсететін өндірістік қуаттарды пайдалану деңгейі;

9) шаруашылық жүргізуші субъектілер акциздік алымдар маркаларын пайдалану сәйкестігі бағасын көрсететін акциздік алым маркаларының өзгерісі;

10) бұрынғы кешендік тексеру кезінде анықталған тәртіп бұзушылықтар дәрежесі бағасын көрсететін бұрынғы тәртіп бұзушылықтар.

Журналды толтыру нәтижелері бойынша бар қаржы және еңбек ресурстарын есепке ала отырып тексеру жоспарына енгізу үшін қауіптің ең көп жиынтық көрсеткіші бар шаруашылық жүргізуші субъектілер іріктеледі.

1999 жылғы _____ тоқсанда тексеруге тиіс шаруашылық жүргізуші субъектілерін іріктеуге арналған қауіптің жиынтық көрсеткішінің есебі

1. Этил спирті мен алкогольдік өнім өндірісін жүзеге асыратын салық төлеушілер бойынша

Кәсіпорын атауы			Қауіп көрсеткіштері			
1	2	3	4	5	6	7
	Декларация тапсырылуы	Акциздер төлеу	Өндіріс (жұмыстар, қызмет көрсетулер) көлемі	Қызметінің мазмұны	Өндіру және сату көлемдерінің сәйкестігі	Өнімнің құйылуы және шығуы сәйкестігі

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

8	9	10	11	12
Лицензияға сәйкестігі	Өндіріс қуатын пайдалану деңгейі	Акциз жинауда марка өзгерісі	Бұрынғы тәртіп бұзушылық	Қауіптің жиынтық көрсеткіші

2. Этил спирті мен алкогольдік өнім айналысы аясындағы қызметті жүзеге асыратын салық төлеушілер бойынша

Кәсіпорын атауы			Қауіп көрсеткіштері			
1	2	3	4	5	6	7
	Декларация тапсырылуы	Акциздер төлеу	Өндіріс (жұмыстар, қызмет көрсетулер) көлемі	Қызметінің мазмұны	Өндіру және сату көлемдерінің сәйкестігі	Өнімнің құйылуы және шығуы сәйкестігі

	тапсырылуы төлеу	(жұмыстар, мазмұны	сату көлем. құйылуы			
		қызмет көр.	дерінің және			
		сетулер)	сәйкестігі шығуы			
		көлемі	сәйкестігі			
1	2	3	4	5	6	7

та б л и ц а н ы ң ж а л ғ а с ы

Лицензия. Өндіріс	Акциз	Бұрынғы	Қауіптің	
ға сәйкес қуатын	жинауда	тәртіп	жиынтық	
тігі	пайдалану	марка	бұзушылық	
	деңгейі	өзгерісі	көрсеткіші	
8	9	10	11	12

А н ы қ т а у

1. 2-бағанда "Декларация тапсырылуы":

1) егер салық жылында декларация мен есептер беру мерзімі бұзылмаса, бағанға 0 саны қойылады;

2) егер салық жылында декларация мен есептер тапсырылуы бұзылса, бірақ үштен артық емес, бағанға 10 саны қойылады;

3) егер салық жылында декларация мен есептер тапсырылуы үштен артық бұзылса не ұсынылған декларация деректемелері толық толтырылмаса, бағанға 30 саны қойылады.

2. 3-бағанда "Акциздер төлеу":

1) егер салық жылында акциз сомасы уақтылы және толық көлемде төленсе, бағанға 0 саны қойылады;

2) егер салық жылында акциз сомасы уақтылы емес немесе толық емес көлемде төленсе, бағанға 30 саны қойылады.

3. 4-бағанда "Өндіріс (жұмыстар, қызмет көрсетулер)көлемі":

1) егер бұрынғы ұқсас кезеңмен осы есепті кезеңді өндіріс (жұмыстар, қызмет көрсетулер) көлемі бойынша салыстыру кезінде теңдік пен арттыру бақыланса, бағанға 0 саны қойылады;

2) егер салыстыру кезінде осы өндіріс көлемдерінің кемуі 25%-ке дейін құраса, онда бағанға 10 саны қойылады;

3) егер салыстыру кезінде осы өндіріс көлемдерінің кемуі 25%-тен артық құраса, онда бағанға 30 саны қойылады.

4. 5-бағанда "Қызметінің мазмұны":

1) егер шаруашылық жүргізуші субъект сауда-делдалдық қызмет аясында жұмыс істемесе және экспорт-импорт операцияларын жүзеге асырмаса, бағанға 0 саны қойылады ;

2) егер шаруашылық жүргізуші субъект сауда-делдалдық қызметпен айналысса, бірақ экспорт-импорт операциялары жүзеге асырылмаса, бағанға 15 саны қойылады ;

3) егер шаруашылық жүргізуші субъект сауда-делдалдық қызмет аясында жұмыс істемесе, бірақ экспорт-импорт операциялары жүзеге асырылады, бағанға 20 саны қойылады ;

4) егер шаруашылық жүргізуші субъект сауда-делдалдық қызметпен айналысса және экспорт-импорт операцияларын жүзеге асырылса, бағанға 30 саны қойылады .

5. 6-10 бағандарда декларация толтыру қолхаты деңгейінің бағасы және олардың осы құжатты талдау нәтижесінің сәйкестігі көрсетіледі.

6. 6-бағанда "Өндіру және сату көлемдерінің сәйкестігі":

1) егер шаруашылық жүргізуші субъектіде этил спирті мен алкоголь өнімдерінің кірісі мен шығысы бойынша есеп деректері бірдей болса, бағанға 0 саны қойылады ;

2) егер шаруашылық жүргізуші субъектіде этил спирті мен алкоголь өнімдерінің кірісі мен шығысы бойынша есеп деректері үйлесімсіз көрсетілсе, бағанға 30 саны қойылады .

7. 7-бағанда "Өнімнің құйылуы және шығуы сәйкестігі":

1) егер шаруашылық жүргізуші субъектіде алкоголь өнімдерінің құйылуы мен шығуы жөнінде дерек алшақтығы осы декларация бойынша алынса, бағанға 0 саны қойылады ;

2) егер шаруашылық жүргізуші субъектіде алкоголь өнімдерінің құйылуы мен шығуы жөнінде дерек алшақтығы осы декларация бойынша болса, бағанға 30 саны қойылады .

8. 8-бағанда "Лицензияға сәйкестігі":

1) егер шаруашылық жүргізуші субъект лицензияға сәйкестігі негізінде қызметті жүзеге асырса, бағанға 0 саны қойылады;

2) егер шаруашылық жүргізуші субъект лицензияға сәйкестігі негізінде қызметті, іс-әрекет ету мерзімі өткен не лицензия негізінде іс-әрекетін бақылаушы орган тоқтатқан не сәйкес келмейтін лицензияны жүзеге асырса, бағанға 30 саны қойылады .

9. 9-бағанда "Өндіріс қуатын пайдалану деңгейі":

1) егер шаруашылық жүргізуші субъектіде шығарылатын өнімдер көлемімен белгіленген өндіріс қуаты деңгейі сәйкес келсе, бағанға 0 саны қойылады;

2) егер шаруашылық жүргізуші субъектіде белгіленген өндіріс қуаты жоғары болса, бағанға 30 саны қойылады.

10. 10-бағанда "Аксиз жинауда марка өзгерісі":

1) егер шаруашылық жүргізуші субъектіде аксиз жинауда нақты марка пайдаланумен алкоголь өнімдерін сату көлемімен сәйкес келсе, бағанға 0 саны қойылады ;

2) егер шаруашылық жүргізуші субъектіде аксиз жинауда нақты марка пайдаланумен алкоголь өнімдерінің көлемі алшақтығы болса, бағанға 30 саны қойылады .

11. 11-бағанда "Бұрынғы тәртіп бұзушылық":

1) егер бұрынғы тексеру жүргізуде тәртіп бұзушылық айқындалмаса, бағанға 0 саны қойылады ;

2) егер шаруашылық жүргізуші субъект тексерілмесе не "Этил спирті мен алкоголь өнімі өндірісін, этил спиртін сақтау және сату, сондай-ақ алкоголь өнімдерін сақтау мен көтерме сату ережесі мен лицензиялау шарттары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 шілдедегі қаулысымен бекітілген (бұдан әрі - Шарт) белгіленген біліктілік талаптары бұрынғы тексеру жүргізуде 3 тәртіп бұзушылыққа дейін айқындалса, бағанға 10 саны қойылады;

3) егер бұрынғы тексеру жүргізуде бюджет алдындағы міндетін 15%-ке арттырған тәртіп бұзушылық айқындалса, бағанға 15 саны қойылады;

4) егер бұрынғы тексеру жүргізуде этил спирті мен алкоголь өнімдері өндірісі техникалық регламентін бұзғаны, сондай-ақ ГОСТ-тер мен техникалық талаптарды бұзғаны айқындалса, бағанға 20 саны қойылады;

5) егер бұрынғы тексеру жүргізуде бюджет алдындағы міндетін 15%-тен арттырған тәртіп бұзушылық не Шартта белгіленген біліктілік талаптарын 3-тен артық бұзғаны айқындалса бағанға 30 саны қойылады.

12. 12-бағанда "Қауіптің жыйынтық көрсеткіші" 2-11 бағандардағыдай айқындалады.